

[3] Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық архиві. 23-қ., 1-т., 447-іс, 1-2 б.

[4] Тәкенов Ә. Тарихшы Е. Бекмаханов тарихнамалық шолу. “XIX ғасырдың 20-40 жж Қазақстан оқу құралы. -Алматы: Санат, 1994. -371-381 б.

[5] Сарманбетов Р. Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу туралы шаралар//Егемен Қазақстан. -1997. -23 сәуір.

[6] Сәрсембин Ү. Қазақ ғалымының бейнесі//Ақиқат. -2014. -№10. -106 б.

Мәңгілік ел идеясы – бабалар аманаты, ұрпаққа мұра

Кентбеков А.С.

Ғылыми жетекшісі: т.м., аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Елдің тағдыры, халықтың бірлігі, кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмасы белгілі және ол хақ екендігі аян. Әр шақтың, уақыттың, кезеңнің өзіндік даму үрдісі болса, түпкі мүдделер, алға қойған мақсаттар ол туған елінің егемендігі, халқының тәуелсіздігі, ал оны көздің қарашығындай сақтап қорғау баршамыздың біріншіден парызымыз болса, екіншіден патриоттық борышымыз деп білеміз. Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ елі мемлекеттік идеология негіздерін нығайтатын ұлттық идеяларды тынбай іздестіруде. Соңғы жылдары саясаткерлердің назары сондықтан да «Мәңгілік Ел» ұғымының мән-мағынасына ауа бастады. Алғаш бұл идея еліміздің астанасында монумент ескерткіш түрінде бой көтерді. Аэропорттан түсіп Астанаға қарай келе жатқан кез келген жолаушы қалаға кіре берісте салтанатты «Мәңгілік Ел» арқасына тап болады. Мұның өзі – кез келген азаматқа ой саларлықтай, отансүйгіш жастарды сүйсінте толғандырып, тарих қойнауына жетелейтіндей терең тамырлы ғажайып ескерткіш. Оның себебі «Мәңгілік ел» деген атау – тарихымызбен бірге жасап, өткеніміздің түпсіз тұңғышынан, мөлдір қайнар бұлағынан бастау алатын қасиетті сөз. [1, 393 б.].

Мәңгілік Ел идеясы жазиралы, дархан даламызды мекен еткен, бабаларымыздан ұрпақтарына жеткен асқақ арманы және аманаты. Ұлы даланың бабаларынан қалған осы аманат еліміздің тәуелсіздігінің нәтижесінде іске асты. Демек, бұл идея – Қазақстанның антологиялық болмысын анықтайтын ұлттық идеяның темірқазығы, қоғам дамуына бағыт-бағдар беретін, сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың арманын жүзеге асырудағы рухани-саяси ұстаным болып саналады.

Белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінің келесі тұжырымдарын сараласақ: «Ұлттық-мемлекеттік идеологияның қоғамның барлық мүшелерін, әсіресе әртүрлі әлеуметтік-этникалық және саяси топтарды біріктіруде, билік пен халықты бір-біріне жақындастыруда маңызы айрықша болды. Ұлы тарихымыз көрсеткендей, қандай идеологиялық жүйе болмасын ол біртұтас болған жағдайда ғана қоғам өз тұтастығын сақтайды». [2, 274 б.].

Халқымызды биік мақсаттар мен ізгілікті шараларға, ұлы мұраттарға жетелеген ұлттық идея Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17-қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалды. Елбасы өзінің дәстүрлі Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман-тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» [3,3 б.], – деп баса назар аударды.

Мәңгілік Ел жалпыұлттық идея тәуелсіз Қазақстанның ұлы бағдарының негізінде «Қазақстан – 2050» стратегиясының түпқазығы болды. Тұңғыш Президенттің тікелей тапсырмасына сәйкес Президент Әкімшілігі, Үкімет, Қазақстан халқы Ассамблеясы

«Қазақстан – 2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесе отырып Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп қабылдады.

Мәңгілік Ел - патриоттық актісі жеті тұғырмен негізделді:

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанамыз. Екіншіден – жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден – зайырлы мемлекет және жоғары руханият. Төртіншіден – инновация негізіндегі экономикалық өсім. Бесіншіден – жалпыға ортақ Еңбек қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысу.

Міне, барша қазақстандықтарды азаматтық жауапкершіліктермен қатар патриотизмге негіздеп тәрбиелейтін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын қалыптастыру жолы айқындалды. Ең негізгі, ең қастерлі құндылық көпэтносты Қазақстан халқының береке бірлігі, ұлтаралық келісім, төзімділік, ынтымақтастық қағидаттары ұлттық жаңғыру мен биік мақсаттарға жетелеуде. Бұл тұжырымдамалардың түпкілікті негізі ел тәуелсіздігін сақтау және оны нығайту болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның әлем кеңістігіндегі өзіне тән ерекшелігі, ол халықтар арасындағы өзара құрмет пен сыйласымдылық, тіл мен мәдениетке салт пен дәстүрге деген риясыз сезім. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің ішкі саяси тұрақтылығының іргетесі берік қаланып, барлық қазақстандықтарды біріктіретін және отанымыздың табысты болашағының кепілі болатын жалпыұлттық құндылықтардың жүйесі толық қалыптасып болды.

Мәңгілік Ел идеясы халқымыздың басты мүддесінен туындайтын бейбітшілік пен келісім, ұлтаралық татулық қағидалары басты ұстаным болып қала бермек, себебі Қазақстан халқының бірлігі, қоғамның тұтастығы Мәңгілік Елдің шаңырағын шайқалтпай, тұғырын тереңге жіберіп, ел болашағын баянды етіп кемел келешекке жетелері сөзсіз. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының басты құндылығы тәуелсіздік екені сөзсіз. Тәуелсіздік ұғымы халық үшін қашан да киелі, ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалғаны. Ол ғасырлар бойы тынымсыз жүрген жанкештілік пен жасампаз еңбектің жемісі. Қазақ елі азаттық алған соң, рухани ортаға тәуелсіздік идеясы мен ұлттық идеология мәселесі де келді. Қазақ тарихын жақсы білетін зиялы қауым сонау көне түркілерден бастау алып, Алаш идеясымен тарихи сабақтастық арқылы дәуірлер мен кезеңдерден өтіп, бүгінгі күнге дейін үзілмей келіп жеткен – ұлттық идеяның қайта жаңғырып тәуелсіз қазақ елінің рухани және саяси діңгегі болатынын білді. Ол ұлттық идея алдымен халықтың ішкі бірлігі, енді ешкімге тәуелді болмай дербес елдік пен мемлекеттілікті сақтау идеясы болып саналады [4, 414 б.].

Мәңгілік елдің басым бағыттарының бірі, ол қазақстандық бірегейлік Болашағы Біртұтас Ұлтты қалыптастыру. Қоғамдық және әлеуметтік тұрақтылық, азаматтық бейбітшілік пен келісім, бірлік пен бірегейлік Қазақстан халқының болашаққа нық ілгерлеуін қамтамасыз етеді. Ал, ұлы мұратымыз Мәңгілік Ел идеясын еліміздің қайнар көзі ретінде қасиетті Қазақстанды әлем өркениетіндегі ең озық 30 елдің қатарына енгізу, «100 нақты кадам» Ұлт жоспары басты бағдарымыз болмақ және ол жаңа белестер болып табылады.

Елбасы «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегінде: «Қазақстанды жоғары дамыған мемлекетке айналдыратын – азат ойлы, жаңашыл да жасампаз азаматтар. Ол үшін әркім жан-жақты және кемел білімге ден қойып, қажырлы еңбек пен өзін-өзі толассыз жетілдіруді өмір салтына айналдыруы қажет. Демек, бүгін де болашақ үшін құлшына іске кірісетін, жігерімізді жанып, санамыз бен өмірімізді өзгертетін сәт тағы туып тұр. Ұлы тарих Кемел келешекке жетелейді [5, 506 б.], – деп еліміздің болашағы жарқын да жасампаз екеніне зор сенім білдірді. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың осы қанатты сөздері баршамызды еліміздің тәуелсіздігін тұғырлы етуге, оны нығайтуға, Мәңгілік Ел үшін аянбай қызмет етуге жетелейді.

Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықпен бүгінгі күнге дейін жетіп, тәуелсіз мемлекетіміздің қоғамдық-саяси және рухани дамуының тұрақты ресурсына айналып отыр. Еліміздің қарыштап алға дамуының

басты мұратына айналған «Мәңгілік Ел» идеясы – халықтың әл-ауқатын жақсартып, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ.: Т.Омарбеков; Т.Омарбеков, Г.С.Султанғалиева, Б.С.Сайлан [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 476 б.
2. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
3. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан; №11 (28235). – 2014. – 18 қаңтар.
4. Смағұлов Н.Б. «Мәңгілік Ел» идеясы – ұлттық құндылығымыздың өзегі. - //Қазақстан менің – Отаным атты Респуб. студенттік ғыл-практ. конф. материалдары. – Қарағанды, ҚарМУ баспасы, 2018. – 432 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 508 б.

Война с джунгарами как исток освободительного движения казахского народа

Кудабаев К.Е.

Научный руководитель: к.и.н., Мухамадеева И.А.

Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова

В настоящее время, одной из актуальных исторических проблем для освящения современных историков и всей общественности Казахстана является история национально-освободительного движения казахского народа.

В настоящее время исторический опыт прошлого интерпретируется по-новому, на основе цивилизационного подхода. Одним из основных принципов этого подхода в концептуальном плане является признание многовариантности социально-исторического развития различных стран, народов и государств.

Историографический аспект данного вопроса предусматривает концептуальный плюрализм.

Существенным вкладом в разработку вопросов истории национальной борьбы казахского народа являются работы казахстанских ученых. Среди них следует выделить новые исследования Б.К. Айтеновой о национально-освободительном движении в казахской степи [1], С.А. Едилхановой о казахско-джунгарских взаимоотношениях в XVII-XVIII веках [2], Т.Ж. Макалакова, З.Н. Нурлигеновой, Н.А. Казбекова об актуальных проблемах национально-освободительных движений в XVIII - начале XX вв. в казахстанской историографии [3] С.Ф. Мажитова о народно-освободительном движении в Казахстане XVIII - начала XX вв. [4], и др., имеющие важное научно-теоретическое и методологическое значение.

Методологической основой исследований национально-освободительных движений в условиях современной действительности XXI в., помимо принципов системности научного познания, историзма и объективности, стала актуализация изучения проблем национально-освободительных движений в непосредственной взаимосвязи с интересами национальной истории, проблемами формирования казахской государственности.

Исследования национально-освободительной борьбы казахского народа за свою политическую независимость и государственный суверенитет являются одним из приоритетных направлений отечественной истории.

По мнению российского ученого В. А. Моисеева, расклад военно-политических сил был следующим: «Развитие событий в Центральной Азии во второй половине XVII — первой половине XVIII вв. во многом определялось соотношением сил, складывавшимся